

ӘОЖ 378.147:004.853

**ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІН  
ОҚЫМАЙТЫН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН  
ОҚЫТУ**

**Қанаткерей Айгерім Қанаткерейқызы**

[kanatkerey@mail.ru](mailto:kanatkerey@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті 6М011700 қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының I курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Нуркенова С.С.

Заманауи білім беру үрдісінде стандарттан тыс оқыту формасын қолдану білім алушының қызығушылығын оятуға көмектеседі. Ағылшын тілін оқытуда тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясын қолдану жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану болып есептеледі. Шет тілін оқымайтын мамандықтардың студенттеріне ағылшын тілін оқытуда интернет ресурстарын қолданудың тиімділігі зор. Интернет ресурстары дегеніміз ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұміс істеп тұрған электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және пайдалану технологиясы бар, ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылым.

Ағылшын тілін оқытуда интернет ресурстарын пайдалану – заманауи білім беруді жүзеге асырудың жаңа бағыты. Интернет ресурстары материалдың тез игерілуіне, әр білім алушының деңгейіне, білім дәрежесіне әсер етуге бағытталады [1:42]. Ағылшын тілді ақпарат көздерін қарау әлемнің барлық елдеріндегі жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді. Тіл үйренетін елдің мәдениеті мен тілдік танымын түсіну арқылы үйренілетін тілді жетік меңгеретін дәрежеге жетуге болады.

Ағылшын тілін оқытуда интернет ресурстарын қолдану мына бағыттарда қолданылады:

1. Білім алушының сөздік қорын молайту;
2. Коммуникациялық құзіреттілікті дамыту, соның нәтижесінде коммуникативті тілдік тұлға қалыптастыру;
3. Грамматика жаттығуларын орындау;
4. Шет тілін жетік меңгерген, ойын дұрыс, анық, дәл жеткізе алатын білім алушы даярлау;
5. Ағылшын тілінде ауызекі және жазбаша сөйлеу нормаларын үйрету;

6. Шет тілін меңгеру арқылы халықаралық олимпиадалар, жобалар мен түрлі байқауларға қатысу мүмкіндігін жасау;

Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстарды пайдалану, оларды оқыту үрдісіне интегралдаудың тиімділіктері мыналар:

- Желіде әр түрлі қиындық деңгейіне байланысты мәтіндерді тауып, оларды оқу дағдысын қалыптастыру;
- ауызекі сөйленімнің монологтік және диалогтік түрлерін жетілдіру;
- заманауи шет тілі лексикасының сөздік қорындағы актив және пассив қабаттарды толықтыру;
- Тіл үйренуде сол тілді тұтынатын халықтың мәдени ерекшеліктері, дәстүрлері, сөйлеу этикеті және коммуникацияға түсу барысында көрінетін сөйлеу тәртібімен танысу маңызды [2:22]

АҚШ ғалымы Д. Хаймза: «Коммуникативтік құзіреттілік –мәдени маңызы бар жағдайларда сөйлеушінің коммуникацияны жүзеге асыруы», – дейді [3:3]. Ағылшын тілінде коммуникативтік құзіреттілікті меңгеру оңай емес. Сол себепті шет тілдерін меңгеруде заманауи технологияларды, визаулды, аудиоалды жазбаларды, мәтін коммуникациясын қолдану оң нәтиже береді.

Ағылшын тілі сабағын меңгеруде видеофильмдерді қолдану білім алушының есте сақтау қабілетінің жақсарып, жаңа сөздерді үйренуіне мол мүмкіндік жасайды. Видеоматериалмен жұмыс құрылымын төрт кезеңге бөліп қарастырамыз:

- 1) дайындық кезеңі – лингвистикалық зерттеулер мен шет тілін үйренуде кездесетін қиындықтардың алдын алу кезеңі;
- 2) видеофильмді қабылдау кезеңі – ақпарат қабылдау дағдысын дамыту;
- 3) негізгі мазмұнын түсінуді бақылау;
- 4) ауызекі сөйлеу тілін меңгерту [3:6].

Видеоматериалдар ақпараттық, танымдық, дүниетанымдық мазмұнда құрылып, әр түрлі шет тілін оқымайтын мамандықтардың кәсіби циклдарына сәйкес материалдар қамтылуы қажет. Мысалы, шет тілін оқымайтын мамандықтардың 1 курс магистранттарының видеоматериалдарында академиялық жазбалар тақырыбы қамтылған. Үлгі: [https://www.youtube.com/watch?v=1hVNF\\_8S6Ok](https://www.youtube.com/watch?v=1hVNF_8S6Ok). Интернет ресурсындағы видеоматериалды тыңдау арқылы білім алушылар магистрлік диссертация туралы пайдалы мәліметтер алып, практикалық тұрғыда қолданады.

Интернет ақпарат жүйесі ретінде өз тұтынушыларына әртүрлі ресурстар мен қызмет түрлерін ұсынады. Ол қызметтердің негізгі жиынтығы мыналар:

электрондық почта түрлері (e-mail, g- mail)

видеоконференциялар

телеконференциялар (Usenet)

анықтамалықтар (InfoSeek/ Ultrasmart, LookSmart)

іздеу жүйелері (Alta Vista, HotBob, Excite) т.б [4]. Коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынасты, шет тілдерін меңгеру тек практикалық білікті жетілдіргенде ғана жүзеге асады. Аталған қызметтердің барлық түрлері шет тілдерін оқытуда қолданылады.

Электрондық почта қызметін шет тілін оқытуда пайдаланудың тиімділіктері мыналар:

- 1) Электрондық коммуникация білім алушының сауатты жазу дағдыларын меңгеруіне мүмкіндік береді;
- 2) Ағылшын тіліндегі белгілі бір тақырыпты талқылау, коммуникацияға түсушілердің ой-өрісінің кеңейуіне көмектеседі;
- 2) Электрондық коммуникацияны қолдану білім алушылардың ағылшын тіліне ынтасын оятып, қызығушылығын арттырады.

Видеоконференциялар мен телеконференциялар білім алушылардың онлайн коммуникация жүргізуіне мүмкіндік жасайды. Анықтамалар мен іздеу жүйелері ағылшын тіліндегі мәліметтерді зерделеу мен жаңа идеялардың жасалуына үлес қосады. Шет тілін

күнделікті қолдану мүмкіншілігі интернет қызметтерінің негізгі жиынтығы арқылы жүзеге асады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметтермен танысу ағылшын тілін нәтижелі меңгеруге көмектеседі. Дүниежүзінде өзіндік рөлі бар газеттердің барлығында дерлік web-sait бар. Білім алушыларға MEDIA LINKS [www.mediainfo.com/emedial/](http://www.mediainfo.com/emedial/) сайтына тіркелуді ұсыну арқылы [www.washingtonpost.com](http://www.washingtonpost.com), [www.abcnews.go.com](http://www.abcnews.go.com), [www.bbc.co.uk/worldservice](http://www.bbc.co.uk/worldservice), [www.washtimes.com](http://www.washtimes.com), [www.nytimes.com](http://www.nytimes.com) сынды газет веб сайттарынан ақпарат алуға көмектесеміз.

BBC World Service [www.bbc.co.uk/worldservice](http://www.bbc.co.uk/worldservice) әр түрлі тілдегі жаңалықтарды оқумен қатар тыңдауға да мүмкіндік береді. Білім алушы ағылшын тілін меңгеруде өз деңгейін таңдап, LEARNING ENGLISH режимі арқылы жаңалық тыңдауға мүмкіндік алады.

ABC News [www.abcnews.go.com/](http://www.abcnews.go.com/) жарияланған материалдарды дыбыстық және видео түсіндірмелер арқылы жеткізеді. CONTACT US сілтемесі редакциямен кері байланысқа шығуға болады.

The New York Times [www.nytimes.com](http://www.nytimes.com) өз оқырмандарына газеттің кітап түріндегі нұсқасын ұсынады.

Грамматикалық, лексикалық дағдыларды дамытуға интернет ресурстары жақсы әсерін тигізеді. Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жаттығулар орындау, оқылым мен жазылым тесттері, IQ-тесттер орындау үшін мына интернет сайттарын тұтынуға болады:

World Wide Web – шет тілін меңгеруде мәдениетаралық күзiреттiлiктi дамыту бағытындағы бірнеше сайттар жиынтығы.

[www.flash.net/~cssmith/vr.htm](http://www.flash.net/~cssmith/vr.htm) – шет тілін үйренетін елдің мәдениеті мен дәстүрлерінен хабар беретін, лингвистикалық және танымдық материалдар жинақталған сайт.

City Net [www.city.net/](http://www.city.net/) – түрлі мемлекеттерді онлайн аралауға мүмкіндік беру негізінде шет тілін жақсы меңгеруге көмектесетін сайт.

WILD-е [www.wild-e.org](http://www.wild-e.org) – түрлі сұрақтарға жауап беру арқылы тілді еркін меңгертетін сайт.

[www.infospace.com/info.USA](http://www.infospace.com/info.USA) – АҚШ тарихын, мәдениетін, американдықтардың өмір салтын білуге, штаттар мен қалаларды онлайн аралауға мүмкіндік беретін сайт

Washington Post – бес бөлімді ақпарат тарату жүйесінен тұратын веб-сайт. Оның бөлімдері:

1. Жаңалықтар (News)
2. Өмір сүру стилі (Style)
3. Спорт жаңалықтары (Sports)
4. Жарнама бөлімі (advertisements)
5. Сауда-саттық жаңалықтары (Marketplace)

Қосымша бөлімдері:

1. Discussion – дискуссия),
2. Message boards – жарнама тақтасы
3. Chat

4. Feedback – редакциямен байланысу [4]. Бұл вебсайтты пайдалану білім алушының ерекше қызығушылығын туғызады. Өйткені өмірге қажетті жан-жақты мәліметтер практикалық дағдыларды қалыптастыруға өзіндік үлес қосады. Жоғарыда аталған веб-сайттар шет тілін оқытуда жан-жақты, білімді тұлға тәрбиелеуге көмектесіп, білім алушының коммуникативтік, дүниетанымдық күзiреттiлiктерiн арттырады.

Шет тілдерін оқымайтын мамандықтардың студенттеріне ағылшын тілін оқытуда интернет ресурстарын пайдаланудың негізгі бағыттары:

1. Интернет ресурстарын анықтамалық түрінде қолдану;
2. Алыс, жақын шет елдердегі халықаралық симпозиумдар, конференциялар мен семинарларға қатысу мақсатында пайдалану;

3. Білім алушының деңгейін тест арқылы тексеру;

4. Иллюстрациялық материал ретінде қолдану;

Шет тілдерін оқымайтын мамандықтардың студенттеріне ағылшын тілін оқытуда сөздіктер қолданудың практикалық маңызы зор. [www.chat.ru/~english language/diction.htm](http://www.chat.ru/~english_language/diction.htm) веб-сайтын іздеу арқылы электрондық сөздіктерді табуға болады. Мысалы:

Multytran – 6500000 сөздік қордан тұратын сөздік;

Webster Dictionary – қазіргі таңда сұранысқа ие, ең жақсы сөздіктер қатарында;

Onelook Dictionary – әр түрлі бағыттағы 112 саланың мәліметтерін қамтитын сөздіктің бірі;

Lingvo – 2500000 сөздердің жиынынан тұрады;

Alternative English Dictionary – ағылшын сленгтің сөздігі;

New Dictionary of Slang – заманауи ағылшын сленгтің сөздігі;

New Words in English – ағылшын неологизмдерінің сөздігі;

United Kingdom English for American Notice – ағылшын тілінің британдық және американдық варианттарының айырмашылықтары көрсетілген сөздік [4];

Электрондық сөздіктермен жұмыс жасау, шет тілін оқудағы ең маңызды қадамдардың бірі. Білім алушының сөздік қорын үнемі молайту, байыту ағылшын тілін оқытуда маңызды орында тұрады.

Ақпарат технологиясы — ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) — қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [5]. Ағылшын тілін оқытуда ақпарат технологияларын қолдану білім алушының ана тілі мен шет тілін жетік меңгерген, жан-жақты, білімді, сауатты жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Тихонов А.Н. Информационные технологии и телекоммуникации в образовании и науки. – Москва: ЭГРИ, 2007. – 222 с.

2. Войтко С.А. Об использовании информационно-коммуникационных технологий на уроках английского языка // Интернет-журнал Фестиваль педагогических идей «Открытый урок», 2004 – 2005.

3. Барменкова О.И. Эффективные приемы обучения иностранного языка. –1991, – С.50-59.

4. Михайлова Л.В. Использование интернет ресурсов при обучении студентов иностранному языку в вузе // Научные труды Дальрыбвтуза, 2010.